ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 25 желтоқсан №5165-24-00-2/2790 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С. Байтенов,
сот отырысының хатшысы А. Илесбаевтың отыруында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Perspective» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«ORTALYQ»жол-құрылыс, инжиниринг ұйымдарының бірлестігі
«Шымкент қаласының қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танутуралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Б. Оспанов, Б. Малик
жауапкер өкілі С. Искакова
аудармашы Н. Толенов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 18 наурызда «ORTALYQ» жол-құрылыс, инжиниринг ұйымдарының бірлестігі «Perspective» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - жауапкер) 2020 жылғы «Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Мирас

шағынауданы мекен жайында орналасқан төрт пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы», 2021 жылғы «Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұрсәт 2 тұрғын алабында 5 қабатты көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысы», 2023 жылғы «Шымкент қаласы, Самал-2 шағынауданы екі пәтерлі әкімшілік ғимараты құрылысы», 2022 жылғы «Шымкент қаласы, Самал шағынауданы бес пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы» бойынша дұрыс емес ақпарат беру мәліметтері мен құжаттарының еңбек өтіліне қатысты «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - талап қоюшы, Комитет) жүгінген.

Өз кезегінде Комитет электрондық депозитарийде мәліметтің дұрыстығын анықтау мақсатында 27 наурыз 2024 жылы «Шымкент қаласының қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - Басқарма) жүгінген.

Басқарманың 4 сәуір 2024 жылғы хатымен аталған объектілер бойынша пайдалануға қабылдау актілеріндегі деректерге сәйкес, тапсырыс берушілер тарапынан «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабының 12-тармағының талаптарына сәйкес, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарламалардың Басқарма реестрінде тіркелмегені, нысанның пайдалануға қабылдау актілері Басқармаға салыстырып тексеруге өтініштердің түспегені, пайдалануға қабылдау актілері дұрыс рәсімделмегенін хабарлаған.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюын түсірген. Оның негізіне, жауапкер электрондық депозитарийге енгізілген құрылыс объектілеріне қатысты анық емес ақпарат ұсынғанын көрсеткен.

Жауапкерден талап қоюдың негізсіздігі туралы қарсы пікір түскен.

Талап қоюшы өкілі сотта талап қоюын толық қолдап, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сотта талап қоюмен келіспей, аталған объектілер бойынша жұмыстар жасалып, нысанды пайдалануға қабылдау актілері бойынша қабылданғанын, бұл мән-жайларды «ЭкоПроКомпани» ЖШС-і мен «TRANCO LTD» ЖШС-і растап, объектілер бойынша жұмыстар нақты атқарылғанын және нысандар пайдалануға қабылдау актілері бойынша қабылданғанын растағанын, сондықтан талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Үшінші тұлға өкілдері сот отырысына келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады және істі қатысуынсыз қарауды сұрамады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) 196-бабының талабына сәйкес іс келмеген тараптардың қатысуынсыз қаралды.

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 05.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.04.2025, судья Байтенов С. К., 30.04.2025

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының 12-бабының 4-тармағы 1) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 2-бабының 1)-тармағына сәйкес, анық емес ақпарат деп әлеуетті өнім берушінің конкурсқа (аукционға) қатысуға арналған өтінімінде қамтылған, сол сияқты әлеуетті өнім берушінің берілген өтінімінің шынайы мазмұнын бұрмалайтын және шындыққа сәйкес келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер түсінілуге жатады.

Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес, біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 9-тармағына сай, әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші: 1) біліктілік талаптары бойынша; 2) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат ұсынған кезде Заңның 11-бабы 1-тармағының негізінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттарға қатысты кез келген анық емес мәліметтер өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін негіз болып табылады.

Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттарға: әлеуетті өнім берушінің ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы туралы; төленген салықтардың көрсеткіштері туралы; тауарлардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар туралы мәліметтерді қамтитын құжаттар жатады.

Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 17-бабы 5,6,7,10,12-тармақтарына сәйкес, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 05.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.04.2025, судья Байтенов С. К., 30.04.2025

туралы заңдарда белгіленген нормалар мен талаптарды (шарттарды, ережелерді, шектеулерді) бұзуға жол берген оның субъектілерін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Аталған бұзушылықтарға мыналар жатады:

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын органдарды хабардар етпей құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу;

осы заңда міндеттілігі көзделген жағдайда, құрылысты сәулет-құрылыс бақылауын мен қадағалауын, техникалық және авторлық қадағалауларды қатар жүргізбей жүзеге асыру;

өз бетінше құрылыс салу, нақ сол сияқты үйлердің, жекелеген үй-жайлардың және (немесе) үй бөліктерінің сәулеттік келбетін өзгерту, қайта жоспарлау (қайта жабдықтау, қайта бейімдеу);

құрылысы аяқталған объектілерді қабылдау мен пайдалануға берудің, сондай-ақ пайдалану процесінде оларды күтіп-ұстаудың заңдарда белгіленген тәртібін бұзу;

мекендеу және тіршілік ету ортасының жай-күйінің нашарлауына, азаматтар, соның ішінде мүгедектігі бар адамдар мен тұтас алғанда қоғамның құқықтарына және заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғатын мемлекеттік мүдделерге зиян келтіруге себеп болатын өзге де әрекеттер.

Заңның 75-бабы 1,2,3-тармақтарына сәйкес, мердігерден (бас мердігерден) объектіні қабылдауды техникалық және авторлық қадағалаулармен бірлесіп тапсырыс беруші жүзеге асырады.

Мердігерден (бас мердігерден) объектінің пайдалануға қабылдауға дайындығы туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін тапсырыс беруші объектіні пайдалануға қабылдауды жүзеге асырады.

Мердігерден (бас мердігерден) объектінің дайындығы туралы хабарлама алған күннен бастап тапсырыс беруші мердігерден (бас мердігерден) және техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалардан сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындыларды сұратады.

Мердігер (бас мердігер) мен техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалар тапсырыс берушіден сұратуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындыларды не теріс қорытындыларды ұсынады.

Орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы авторлық қадағалау қорытындысы егер бұл қолданыстағы нормалар мен қағидаларға қайшы келмесе,

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 05.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.04.2025, судья Байтенов С. К., 30.04.2025

өнім берушілердің инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету бойынша объектіні жобалау кезінде бұрын берілген техникалық шарттарға сәйкес олар көрсететін қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз етуі үшін негіз болады.

Аталған заң талаптарын бұза отырып, жауапкер тарапынан талап қоюшыға да, сотқа да сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытынды ұсынылған жоқ.

Басқарманың жауабынан хатта көрсетілген пайдалануға қабылдау актісіндегі деректерге сәйкес, тапсырыс берушілердің тарапынан «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабының 12-тармағының талаптарына сәйкес, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарламалардың Басқарма реестрінде тіркелмегені, нысанның пайдалануға қабылдау актісі Басқармаға салыстырып тексеруге өтініштердің түспегені, яғни пайдалануға қабылдау актілері дұрыс рәсімделмегенін хабарлаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК-нің) 72-бабына сәйкес әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс.

Жауапкер құрылыс жұмыстарының онымен аяқталып, пайдалануға берілгенін бекіткенімен, конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық ақпарат берілгенін тиісті дәлелдермен растай алмады. Яғни, талап қоюшының жауапкермен 2020 жылғы «Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Мирас шағынауданы мекен жайында орналасқан төрт пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы», 2021 жылғы «Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұрсәт 2 тұрғын алабында 5 қабатты көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысы», 2023 жылғы «Шымкент қаласы, Самал-2 шағынауданы екі пәтерлі әкімшілік ғимараты құрылысы», 2022 жылғы «Шымкент қаласы, Самал шағынауданы бес пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы» нысандарында құрылыс жұмыстарын бастап жүргізгеніне, аяқтап, пайдалануға тапсырғанына қатысты күмән келтіретін дәлелдер жоққа шығарылмады.

Жауапкер құрылыс нысандарын аяқтап, пайдалануға тапсырған 2020 жылдан бері қарай тапсырыс берушілерден жасалған жұмыс үшін ақыларын өндіру жөнінде тиісті талап қоюмен сотқа жүгінбеген. Аталған мән-жайлар жауапкердің конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 05.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.04.2025, судья Байтенов С. К., 30.04.2025

емес ақпарат бергендігі туралы талап қоюдың уәждерін негізді деп тануға, соған сәйкес талапты қанағаттандыруға негіз болады.

Көрсетілгендер негізінде, сот, жауапкерді әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 117-бабының талаптарына сай жауапкерден баж алымы мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Perspective» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер «Perspective» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге наразы тарап шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 05.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.04.2025, судья Байтенов С. К., 30.04.2025